12

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы №1

Өтетін күні: 28.08.2023 жылы

Қатысқан мұғалімдер саны - 15.

Жиналыс төрайымы: Ахметова Ш.А

Күн тәртібінде

| | |
|---|---|
| 1 | №1 отырыс<br>1. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау.<br>2023-2024 оқу жылына арналған оқу процесін ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеу.<br>2. Пәндер, курстар, сабақтан тыс жұмыстар бойынша бағдарламаларды бекіту. МӘБ-ның 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарларын келісу.<br>3. 2023-2024 оқу жылына арналған педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және аттестаттау жоспарын жасау<br>4. Пәндік апталарды өткізу жоспарын келісу.<br>5.Тәлімгерлікті ұйымдастыру.<br>6.Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру туралы (пәндік олимпиадалар, оқушылардың ғылыми жобаларын өткізу) |

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау.

Нұсқаулық-әдістемелік хат 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарының 1-11 сыныптарында білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдарды қамтиды. Орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтарына, әдіскерлерге, білім беру бөлімдері мен басқармаларының, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен мамандарына жолданды.

Ерекшеліктері:

1 сынып 33 апта, 2-11 сынып 34 апта.

Соңғы қоңырау - 25 мамыр 2024 жылы.

1-2 сыныптарда „Еңбекке баулу" және „Бейнелеу өнері" пәндері.

3-4 сыныптарда „Көркем еңбек кіріктірілген пәні оқытылады.

2 сыныпта „Орыс тілі" пәні бастап оқытылады шет тілі оқытылмайды

5-8 сыныптарда, 10 сыныпта жылдың қорытындысында қазақ тілінен емтихан тапсырмайды.

2. Оқу жұмыс жоспары:
1-4 сыныптарда 18.08.2023 ж. №264 бұйрығымен бекітілген 4-қосымша.
1 сынып - 18,5 сағат + вариатив - 1 сағат
2 сынып - 22 сағат + вариатив - 2 сағат
3 сынып - 25 сағат + вариатив - 1 сағат
4 сынып - 25 сағат + вариатив - 1 сағат
5-9 сыныптарда 12.08.2022 ж. №365 бұйрығымен бекітілді 6 қосымша
5 сынып - 28 сағат + вариатив - 0,5 сағат
6 сынып - 28 сағат + вариатив - 0,5 сағат
7 сынып - 31 сағат + вариатив - 0,5 сағат
8 сынып - 32 сағат + вариатив - 0,5 сағат
9 сынып - 33 сағат + вариатив - 1 сағат.
11 сыныпта 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен бекітілген 86-қосымша
11 сынып - 32 сағат + вариатив - 3 сағат.
Курстар:
1 сынып «Көркем жазу»
2 сынып «Мәнерлеп оқу», «Матем ж/е логика»
3 сынып «Парасаттылық ж/е әдеп»
4 сынып «Мәнерлеп оқу»
5-9 сынып «Жаһандық құзыреттілік»
11 сынып «Жаһандық құзыреттілік», «Бизнес ж/е кәсіпкерлік негіздері»
Даярлық тобы - 20 сағат.

3. Мұғалімдерді аттестациялау жоспары.
1. Қабылтай Ж.Қ. - модератор
2. Дубаниров А.Д. - модератор
3. Баймаханов Б.Ж. - модератор
4. Жанупова Л.Қ. - зерттеуші
5. Смайлов М.С - модератор
6. Смағұлова Ж.А - модератор
7. Сеитқұлова Б.Ғ - модератор.
2023-2024 жылы курстарға жіберу.

4. Апталық жоспары.

| | | |
|---|---|---|
| Дене шынықтыру | -09-13/10 | Дубаниров А.Д. |
| Ағылшын тілі | -16-20/10 | Дтамшова М.С |
| Орыс тілі, әдебиет | -13-17/10 | Ахметова Г.А |
| Тарих, құқық | -04-08/12 | Баймаханов Б.Ж. |
| Мат, физ, инф | -15-19/01. | Смағұлова Б.Ғ |
| Қаз тілі, әдебиет | -05-09/02 | Жуанышова Ә.О. |
| НӘТД, музыка | -12-16/02 | Смайлов М.С. |
| Бейн. өнері, еңбек | -26.02-01.03 | Қабылтайова Ж.Қ |
| Хим, биол, геогр. | -08-12/04 | Сеитқұлова Ж.А |
| Бастауыш сынып | -15-19/04 | Дүйсенбаева П.О. |

5. Жаңадан мұғалімдерге егер немесе тәлімгерлік жасау керек.

6. Дарынды балалармен жұмыс жоспарын жасау, бекіту

Қаулы

1 2023-2024 оқу жылы бойынша жаңадан мұғалімдерге тәлімгерлерді тағайындау

2 2023-2024 оқу жылы бойынша дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын бекіту

3 Аттестаттау жоспары бойынша іс шаралар өткізу, есеп беру.

Жиналыс төрайымы: Ахметова Ш.А

Хатшы: Смаилова А.Х.

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы №2

Өтетін күні: 01.10.2023 жыл

Қатысқан мұғалімдер саны-16

Жиналыс төрайымы Ахметова Ш.А

Күн тәртібінде:

| | |
|---|---|
| 2 | №2 отырыс<br>1. 1 тоқсандағы бағдарламаның орындалуын талдау.<br>2. Білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша жұмысты жоспарлау.<br>3. Педагогикалық кеңесті дайындау оқытуда белсенділік тәсілін ұйымдастыру, білім алуда оқушылардың дербестігін арттыру, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу.<br>3-4, 5-8 сыныптарда орыс тілі, қазақ тілі сабақтарында сөйлеу қызметін дамыту |

Тыңдалды:

1 Бірінші мәселе бойынша пән мұғалімдерінің мәліметтері тыңдалды: бірінші тоқсанның нәтижесін айтқанда:

Қазақ тілі 2-9 сынып оқу сапасы -68%
Қазақ әдебиет 2-11 сынып оқу сапасы -78%
Орыс тілі 2-11 сынып оқу сапасы-70%
Ағылшын тілі 3-11 сынып оқу сапасы -74%
Математика 2-6 сынып оқу сапасы -79%
Алгебра 7-11 сынып оқу сапасы - 73%
Геометрия 7-11 сынып оқу сапасы 73%
Жаратылыстану 3-6 сынып оқу сапасы-84%
География 7-11 сынып оқу сапасы-87%
Қазақстан тарихы- 5-11 сынып оқу сапасы-78%

Химия 8-11 сынып оқу сапасы - 85%
Биология 7-11 сынып оқу сапасы - 100%
Физика 7-11 сынып оқу сапасы - 78%
Информатика 11 сынып оқу сапасы - 100%.
Барлық пәндер бойынша мұғалімдермен бірге ТЖБ модерациясы өткізілді. Барлық бағ[алау] пән мұғалімдері қойған сәйкес келді, қателер мониторинг бойынша болған жоқ. Бұзушылықтар анықталған жоқ, бірінші тоқсанда әділ баға қойылды.
I тоқсанның бағдарламасы орындалды.
Дарынды балалар бойынша:
Зейнура конкурс бойынша 1 орын - 5 оқушы, 2 орын - 3 орын, 3 орын - 3 оқушы, аудандық дебаты бойынша I орынға ие болған Әлметбекова Әдемия - 8 сынып оқушысы және Шахманова Жансая - 11 сынып оқушысы. Мектеп бойынша 21% оқушы олимпиадаға қатысты.
Мұғалімдер қорнуйек сайтындағы Педстарт олимпиадасына қатысып I орынды - 10 мұғалім алды.
Курсқа барған мұғалімдер: мектеп директоры Дюсекеева Л.О. - 6-айлық оқу, Жақыпова Л.Ж. - тәрбие ісінің меңгерушісі бойынша 30.10-5.11.2023 оқу жолын барды.

2. Екінші мәселе б-ша Әлметова Ш.А.-ның мәлімені тыңдалды. Екінші тоқсан бойынша білім сапасы мемлекеттік деңгейде - әлеуметтік қажеттіліктердің және талаптарға сай болуымен анықталады, ал оқушы деңгейінде - оқу жағдайлары, тұлғалық даму, алдағы өмірде жетістіктерге жету мүмкіндіктері деген мағынаға ие болады. Білім сапасы - бұл негізгі өнім-түлек қызыметінің сапасы болып табылатын, білім ұйымдары қызметтерінің тиімділігі. Білім сапасы басқару сапасымен, ресурспен қамтамасыз ету сапасымен, білім үрдісінің сапасымен анықталады.
I тоқсан б-ша оқу сапасы - 59% құрайды.
2-4 сынып - 60%, 5-9 сынып - 59%,
11 сынып - 50%.
2 сыныпта - 67% - 1 үздік, 3 екпіндісі,
3 сыныпта - 37% - 1 үздік, 2 екпіндісі,
4 сыныпта - 73% - 3 үздік, 5 екпіндісі,
5 сыныпта - 80% - 1 үздік, 3 екпіндісі,
6 сыныпта - 75% - 2 үздік, 4 екпіндісі,
7 сыныпта - 50% - 3 үздік, 2 екпіндісі,
8 сыныпта - 40% - 1 үздік, 1 екпіндісі,
9 сыныпта - 50% - 2 екпіндісі,
11 сыныпта - 50% - 2 екпіндісі.

Мектеп б-ша ең аз оқу сапасын құраған: 3 сынып - 37 %, 8 сынып - 40 %.
Ал ең көп оқу сапасын құрайды: 4 сынып - 73 %, 5 сынып - 70 %, 6 сынып - 75 %.
Қалған сыныптар орташа пайыз құрайды. 2 тоқсанда үлгерімі төмен оқушылар-мен жұмыс жоспарын жасап, жұмыс-тарын бастау керек. Оларға: 3 сынып - Дюсенов Р., Дюсенеева Р., Ибрагеим Н., Әлибек А., 4 сынып - Тауекел А., 5 сынып - Садыкбеков А., 6 сынып - Әлжанов А., Оразалы Т., 7 сынып Ахантаев А., Бакытов А., Дюсенеев Б. 8 сынып - Дюсенеев М., Төлеубай Д., Әлибек А., 9 сынып - Буамшов Д., Ибрагеим Б., 11 сынып - Шаймерденов Р., Ержанов Ф. Осы ұсыныстар бәрі жоспарға енгізілсін.

3. Үшінші мәселе бойынша Кульжамбетова П.О.-ның мәліметі тыңдалды. Танымдық процесс оқушының тәуелсіздігін сипаттайтын маңызды ерекшеліктер: - мақсаты және жоспар бойынша жұмыс істей білу; - оқу еңбегін ең ұтымды әдістерін таңдау; - өз күштерін дұрыс есептеу және өз қызметінің нәтижелерін ескерту. Дидактикалық мен әдіскерлердің кері-жүргізуге қойылатын негізгі талаптар қалыптасты: дербес жұмыс мазмұнының оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігі, оқушыларға арналған өзіндік жұмыстардың қол жетімдігі; оларды орындау кезінде сапа принципін сақтау; белгілі бір жүйеде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру. 3-4, 5-8 сынып оқушыларының орыс тілі мен қазақ тілі сабақтарында сөйлеу қызметін дамыту туралы Буаншова Д.О.-ның мәліметі тыңдалды.

Қаулы:

1. ІІ тоқсанның күнделікте ҚТЖ мен ҚМЖ толтыруын қою.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын құру.
3. Орыс тілі, қазақ тілі сабақтарында сөйлеу дағды нәтижелерін анықтау

Жиналыс төрайымы: [signature] Ахметова М.
Хатшысы: Қанапиянова М.Ж. [signature]

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы №3

Өтетін күні: 05.01.2024 жыл

Қатысқан мұғалімдер саны - 17.

Жиналыс төрайымы: Ахметова Ш.А

Күн тәртібінде:

| | |
|---|---|
| 3 | №3 отырыс<br>1. Оқушылардың пәндік олимпиадаға қатысу қорытындысы.<br>2. "Білім сапасы мектеп жұмысының негізгі көрсеткіші ретінде" тақырыптық педагогикалық кеңесін өткізуге дайындық<br>3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру тәсілі ретінде мәтінмен жұмыс<br>1. 4. 9 және 11 сынып оқушыларының үлгерімінің сапасын арттыру және оларды қорытынды аттестаттауға дайындау мақсатында оқу процесінде оңтайлы жағдайлар жасау.<br>2. ББЖМ, PISA, TIMSS жұмыстарының дайындығын бақылау, сараптама жасау. |

I. Бірінші мәселе бойынша Ахметова Ш.А пәндік олимпиада нәтижелері айтылды. Биылғы жылы 30.09.23 күні 11 оқушы „Кенгуру- математика для всех" республикалық „Дарын" орталығымен ұйымдастырылған олимпиадаға қатысты. Соның ішінде I орын - 5 оқушы, II - орын - 3 оқушы, III орын - 3 оқушы алды. Дене шынықтыру пәнінен - I, II, III - орын алған оқушылар бар ауыл жастар арасындағы футбол жарысынан. Қазақ әдебиетінен „Қызыл жебе" конкурс стения аудан бойынша Ахметбекова Әдемі 8 сынып III орын алған. Ауданның пікірсайысынан да екі оқушы Ахметбекова Әдемі мен Шахманова Жансая I орынға ие болды. Ағылшын тілі олимпиададан Дүйсенбай Н. мен Бауыт Е. II орын алды. Аудандық олимпиададан 8 сынып оқушылары барлығы 5 оқушы II турға өткен, ал үшінші турға Ахметбекова Әдемі мен Дюсенов Мархат ие болды. Алтын түлек олимпиададан 11 сынып барлығы II турға өтті. Сондай-ақ 11 сынып оқушылары республикалық пән олимпиадаға қатысты. Жүргізілген сөз конкурсқа қатысқан мұғалім Абдикаримов А.Д және қыздары Өтебай Ж. мен Өтебай З. - II орын алды. „Менің елім - менің табым" республикалық конкурсқа қатысқан 7 сынып оқушысы Бүлке Нұрсұлу қараша айында сертификат алды. „Өнерлі ізсайан қазақстан" атты фестивалінің аудандық кезеңінен Бүлке Айым мен Бүлке Күнсұлу, Рүстембек Мұхаметжан күй өнерінен II орын алды.

II Екінші мәселе бойынша II тоқсанның нәтижелерімен Әхметова Ш.А. таныстырды.
II тоқсанды мектеп 100% үлгеріммен бітірді, және оқу сапасы 67% құрайды.

2-4 сынып - 24 оқушы, 7 үздік, 10 екпінді - 71%
5-9 сынып - 31 оқушы, 7 үздік, 12 екпінді - 61%
11 сынып - 3 оқушы, 3 екпінді - 100%

2 сынып - 2 үздік, 2 - екпінді - 67%
3 сынып - 2 үздік, 3 - екпінді - 57%
4 сынып - 3 үздік, 6 - екпінді - 82%
5 сынып - 1 үздік, 3 - екпінді - 80%
6 сынып - 2 үздік, 4 - екпінді - 75%
7 сынып - 3 үздік, 3 - екпінді - 60%
8 сынып - 1 үздік, 1 - екпінді - 40%
9 сынып - 1 екпінді - 33%
11 сынып - 3 екпінді - 100%

III Үшінші мәселе бойынша Нұрманова Д.О. мәлеметі тыңдалды: Қазіргідей үздіксіз өзгерістермен жаңа технологиялар заманында біздің жастарымыз үшін тек білім саласын жинақтап білуге жеткіліксіз. Жаһандану заманында білімді болумен бірге сол білімді өмірде тиімді қолдану, кездесетін қиындықтарды анықтап, оларды шешудің жолдарын таба білу маңызды. Осыған байланысты елімізде оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі болып отыр. Сондықтан басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өмірінде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Оқу сауаттылығының 3 құрамдасы (жағдай, мәтін, аспект) бойынша оқушыларды мәтіндермен жұмыс жасата отырып, сол мәтіндердегі ішінара мағыналарды неғұрлым көбірек табуға жұмыстандыру арқылы мәтін тілін зерттеуге қатыстыру, мәтінде берілетін қорытынды ойды беретін сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізу тиімді.

IV. Төртінші мәселе бойынша 9-11 сынып оқушыларының емтихан туралы Әхметова Ш.А. таныстырды:

9 сыныпта 4 емтихан:
1. Қазақ тілі - эссе
2. Математика - жазбаша б/ж.
3. Орыс тілі - мәтінмен жұмыс
4. Қазақстан тарихы - жазбаша емтихан.

11 сыныпта - 5 емтихан:
1. Қазақ тілі - эссе
2. Алгебра - жазбаша б/ж.
3. Қазақстан тарихы - ауызша емтихан
4. Орыс тілі - жазбаша
5. Таңдау пәні б-ша жазбаша.

Қорытында аттестаттау өтетін күндері мен уақытын 9;11 сыныптарға кейінен беруің шығарылады.
Әне дайындық жүргізуге 9,11 сыныптарға кестесі жасалып, бекітін ішінді, ата-аналарға ескерту жасалды.

Қаулы:

1. Олимпиадаларға, конкурстарға қатысуын жандастыру, дарынды оқушылармен жұмыс жасау
2. Үшінші тоқсанда 67% пайыз оқу сапасын төмендеткен оқушыларды бақылау.
3. 9;11 сынып аттестаттау бойынша стенд жасау.
4. ББЖМ, PISA, TIMSS бойынша мұғалімдерге тестарын бекітін папкаға салу.

Биылғы оқу жылында 4 сыныпта 11 оқушы бар, оның ішінде 5 қыз, 6 ұл бала, оқу сапасы 1 тоқсан б-ша - 73%.
9 сыныпта 3 оқушы, оның ішінде үшеуі, оқу сапасы - 33%

4 сынып - математика, қазақ тілі, жаратылыстану міндеттері жоспар тапсырсын.

9 сынып - қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын, математика, биология, география, химия физика тестерларын тапсырсын.

ББЖМ, PISA, TIMSS б-ша папкаларды дайындасын, сараптама жасалсын, мониторинг шығарылсын.

Оқу ісінің меңгерушісі: [signature] Ахметова Ш.К.
Хатшы: [signature] Канапиянова М. Ж.

16

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы №4

Өтетін күні: 28.03.2024 ж.

Қатысқан мұғалімдер саны - 17.

Жиналыс төрайымы Ахметова Ш.Ә.

Күн тәртібінде:

| | |
|---|---|
| 4 | №4 отырыс<br>1. Педагогикалық кеңесті дайындау тәрбие жұмысының жоспарын іске асыру шеңберінде оқушыларда жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру<br>2. Пән мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесін жалпылау нәтижелері.<br>3. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша мектеп және әрбір педагог жұмысының қорытындысы.<br>Жеке жұмыс жоспарларын іске асыру.<br>1. 4. 2024 жылы түлектерді мемлекеттік қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру |

I. Бірінші мәселе бойынша Жакупова А.Ғ-ның баяндамасы тыңдалды: „Бүгінгі таңда ақпараттың тез өзгеруі орын алатын қазіргі әлемде оқушыларда жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру міндеті ерекше өзекті болып отыр. Бұл құндылықтар адамның өзегі, оның адамгершілік және патриоттық дамуына негіз болуы керек. Мақсаты: оқушыларда жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру, мысалы: Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік. Мемлекеттік рәміздерге, заңдарымен дәстүрлерге құрмет. Азаматтық, жауапкершілік, ел тағдырына қатыстылық сезімі. Өз елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімі. Толеранттылық, басқа халықтар мен мәдениеттерге құрмет."

II. Екінші мәселе бойынша Ахметова Ш.Ә-ның баяндамасы тыңдалды: „Мақсаты: Пән мұғалімдерінің озық педагогикалық тәжірибесін анықтау және тарату. Оқушылардың оқыту және тәрбие сапасын арттыру. Пән мұғалімдерінің қолданатын жұмыстың ең тиімді әдістері мен формаларын анықталды. Озық педагогикалық тәжірибені пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Мұғалімдердің өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасы артты.

Сабақта пән мұғалімдер жұмысының әр-
түрлі әдістерімен формаларын қолда-
нуды, бірақ оқушылардың пәнге деген
қызығушылығын арттыруға және оқу
сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.
Оқушылардың сыни ойлауын, өздік жұмыс
дағдыларын және зерттеу қабілетін дамы-
туға ерекше назар аударылады. III тоқсан
қорытынды оқу сапасы - 62%, үлгерім - 100%

III. Үшінші мәселе б-ша Смагулова Ж.А. мәлі-
меті тыңдалды; Мақсаты: Білім алушылар-
дың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру
б-ша мектептің және әрбір педагогтың жұ-
мысын талдау. Жеке жұмыс жоспарларын
іске асырудың тиімділігін бағалау. Осы
бағыт б-ша жұмысты жетілдіру жолдарын
анықтау. Ата-аналарды білім алушылардың
біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру
жөніндегі жұмысқа тарту. Әр балаға жеке
жұмыс жасау, тест, бақылау нәтижеле-
рінің талдау жасау.

IV Төртінші мәселе бойынша Ахметова Ш.А
2024 ж. түлектерді мемлекеттік қорытынды
аттестаттауды ұйымдастыру.
9 сыныпта 3 оқушы, 3 ер бала
29.05.24 ж - қазақ тілі - Альжанова Ш.Ш.
03.06.24 ж - математика - Смагулова Б.Т.
06.06.24 ж - орыс тілі - Ахметова Ш.А
10.06.24 ж - Қазақстан тарихы - Байсанов Б.Ж.
11 сыныпта - 3 оқушы, 2 ер бала, 1 қыз бала
28.05.24 ж - қазақ тілі - Буланова Д.О.
31.05.24 ж - математика - Смагулова Б.Т.
04.06.24 ж - Қаз. тарихы - Байсанов Б.Ж.
07.06.24 ж - орыс тілі - Ахметова Ш.А
11.06.24 ж. - биология - Сеитова Н.Т.
Дайындау б-ша консультация кестесі
жасалды.

Қаулы:

I - Ұлттық қундылық бағдарламасы б-ша мектепте кітап үй жасау. Жапинова М.Қ.
II. Сабақтарға оларға қатысу кесте құрастырып шығару. Ахметова Ш.А.
III. Оқушылармен жеке жұмыс жасау.
IV Емтихандарға дайындық кесте б-ша дайындық жасау.

Оқу ісінің меңгерушісі [signature] Ахметова Ш.А

Хатшы [signature] Капаненова М.Ж.

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы №5

Өтетін күні: 23.05.2024 ж.

Қатысқан мұғалімдер саны - 17.

Жиналыс төрайымы: Ахметова Ш.А.

Күн тәртібінде:

№5 "2023-2024 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмысының қорытындысы" отырысы
1.Әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыру туралы есеп.
2023-2024 оқу жылында мектептің педагог кадрларының біліктілігін арттырудың курстық жүйесін қорытындылау.
2.Өткен жылы МӘБ, ӘБ жұмысын талдау
Мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарының жобасын талқылау.
3.ҰБТ-ға дайындық мақсатында 11-сыныпта жалпылама қайталауды ұйымдастыру.
4. Мектептің жетекші авторлық бағдарламаларының тәжірибесімен бөлісу.

I. Бірінші мәселе бойынша Ахметова Ш.А. баяндамасы тыңдалды: біліктілікті арттыру б-ша жүргізілген жұмыстар есебі:
1. Жакупова Л.Ғ. „Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қалыптастыру“ көкшетау қ. курс бітірді.
2. Сыздықова Б.Г. „Физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту“ (көкшетау) Өрлеу өтті.
3. Қабылтаева Ф.А. „Музыка пәні мұғалімдерінің пәндік құзіреттерін дамыту“ Алматы өтті.
4. Алибжанова Ш.Ш. „Жаһандық құзіреттіліктер“ өтті
5. Сыздыкова Н.Т. „Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту“ өтті.
6. Ахметова Ш.А. „Негізгі мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі“ Көкшетау Өрлеу өтті.
7. Нұрмұхамбетова Л.О., Жакупова Л.Ғ., Қабылтаева Ф.А., Сыздықова А.С. „Информатика мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту“ НЗИШ өтті
8. Рахимжанова Н.О. „Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту“ НЗИШ өтті
9. Ахметова Ш.А. „Развитие предметных компетенций учителей русского языка и литературы“
10. Жакенова М.О. „Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент“ 430 сағат НЗИШ өтті.
Барлығы 2023-2024 оқу жылында 13 сертификат алынды.

II. Екінші мәселе бойынша Ахметованың баяндамасы тыңдалды 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмысын талдау.

2023-2024 жылғы оқу процесін ұйымдастыру бойынша міндет 

Оқу жылында мектеп-ішілік жоспар жасалынды, әр апта, ай сайын жүйелі жоспар бойынша сараптады. Пән апталықтарының жоспарлар бекітіліп есебі шығарылды. Мұғалімдер біліктілікті арттыру жұмыстар жасады. ӘБ жұмыстарын жүргізді, тапсырылды. Күнделік КЗ толтырылды. Оқу сапасы I тоқсан - 57%, II тоқсан - 67%, III - тоқсан - 62%, IV - тоқсан - 64%, жылдық - 64%. Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізілді. Барлық олимпиадалар және байқау - 132 құрайды. ҰБТ бойынша ең көп балл алған оқушы Шахманова Жансая - 81, 82 балл алды. ББЖМ 4 сынып - 61%, 9 сынып - 55% 20.03.24. ББЖМ 3 сынып - 73%, 8 сынып - 81% 25.01.24. Биыл 5,6,7,8 сыныптар емтихан тапсырды. 27,30,31 мамыр қазақ тілінен. Дайындық жүргізіліп жатыр.

III. Үшінші мәселе б-ша 11-сынып ҰБТ-ға дайындығы. Қыркүйек айында ҰБТ бойынша жоспар жасалды. ӘБ жетекшілер ҰБТ үшін дидактикалық және әдістемелік материалдарды дайындады. 11 сыныпқа мектеп психологі Альжанова Ш.Ш. мамандық таңдау б-ша презентация көрсетті. Оқушылар бейіндік пәндерін таңдады:
Аманбаев Айбек - биология, химия.
Шайхмерденов Расул - биология, география
Шахманова Жансая - география, дүние тарих
Аттестация б-ша стенд шығарылды, оқушылар ақпаратпен таныстырылды. Бірінші, екінші ҰБТ нәтижесі б-ша мониторинг жасалды. Оқушылардың құжаттарды рәсімдеу б-ша сынып жетекшісі Байманов Б.Н. тапсырылды. Үшінші ҰБТ мамыр-маусым айында өтеді, төртінші шілдеде болады. Дайындау б-ша кестесі жасалып, бекітілді.

IV. Төртінші мәселе бойынша авторлық бағдарламалары қарастырылды.
1. Ахметова Ш.К. „Методическое пособие и сборник диктантов по русскому языку для казахских школ с 3 по 11 классы"
2. Смағұлова Б.Ғ. „Айналамыздағы физика" 2022 жыл.
3. Бұлмұрзамбетова Б.О., Смағұлова Д.С., Жакупова М.Б., Қабылтаева Ғ.К. „Бастауышта көркем жазуға үйрету технологиясы"
4. Дюсекеева М.О. „Бастауыш сынып оқушыларының ізденушілік, зерттеушілік қабілетін дамыту"

Барлық бағдарламалар талапқа сай шығарылды. Қазіргі кездегі керегін анықталды.

Осымен бірге мектеп жетекшілерінің авторлық бағдарламалар құрастырылды. Олар да талапқа сай жазылды. Мұғалімдерінің авторлық бағдарламалар эл.пошталарына жіберілді, сонымен мектепішілік бойынша жүргізілді.

Қаулы:

I. Біліктілікті арттыру жұмыстарға дайындау.

II. Әдістемелік бірлестік жұмыстарында семинарларды ашу, есебін, хаттамаларын жазу.

III. 3-4 ҰБТ бойынша 11 сыныпта дайындықты өткізу кестесі 8-ша.

IV. Авторлық бағдарламаларын іске асыруы, жұмыстарын жалғастыру.

Оқу ісінің меңгерушісі Жамиева М.Ж.

Хатшы Канапиянова М.К.